



KORKYT ATA
UNIVERSITY

<https://korkyt.edu.kz/>

SYR TÚLEGI

student jastar gazetі

1992 жылдың мамырынан бастап шығады

№28 (453) 15 желтоқсан,
2025 жыл



Құрметті ұстаздар мен қызметкерлер, білім алушылар!

Баршаңызға желтоқсаншылардың өршіл рухынан нәр алған 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні мемлекеттік мерекесі құтты болсын!

Осынау қастерлі мерекемізге орай, зор денсаулық, толайым табыс, отбастарыңызға бақ-береке тілейміз!

Ел Тәуелсіздігін баянды ету жолындағы қызметтеріңізде абырой биігінен көріне бергейсіздер!

Құттықтаймыз!

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбектің 2025 жылғы 5 желтоқсандағы бұйрығымен Б.С.Каримова Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-ректоры лауазымына тағайындалды.

Қорқыт Ата университетінің студенті әлем чемпионы атанды

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 4-курс студенті Нұрасыл Тілектесов Абу-Дабиде өткен ересектер арасындағы кикбоксингтен әлем чемпионатында алтын медаль жеңіп алды. Биылғы дүбірлі додаға 85 елден 1964 спортшы қатысқан. Ал Қазақстан құрамасы сапында бақ сынаған 49 спортшы жалпы есепте 3 алтын, 10 күміс және 7 қола медаль иеленіп, ел намысын абыроймен қорғады. Нұрасыл Тілектесов фулл-контакт бөлімінде үздік шығып, чемпион атанды. Ол спортпен 6 жасынан бері айналысып келеді. Бұған дейін де бірнеше мәрте әлем және халықаралық деңгейдегі жарыстарда топ жарып, еліміздің көк байрағын биікте желбіретіп жүрген дарынды спортшы. Қорқыт Ата университетінің ұжымының атынан Нұрасылды жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл жетістік – университетіміздің ғана емес, тұтас елдің абыройын асқақтатқан қуаныш. Алдағы уақытта да жеңіс тұғырынан көріне беруіне тілектестік білдіреміз.



УНИВЕРСИТЕТ ҰЖЫМЫ РЕКТОРДЫ ЖАҢА ҚЫЗМЕТІНЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрілігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төрағасы Гүлжан Сағидуллалқызы Жарасова университет ұжымымен 4 желтоқсанда кездесті. Жиынға университеттің Басқарма төрағасы – Ректоры Бейбіткүл Сәрсемханқызы Каримова, профессор-оқытушылар құрамы, құрылымдық бөлім басшылары, жас ғалымдар, зиялы қауым, БАҚ өкілдері және студенттер қатысты. Кездесу барысында комитет төрағасы еліміздің жоғары білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалардың мән-маңызына тоқталып, университеттердің академиялық дербестігін арттыру, білім сапасын көтеру және кадрлық әлеуетті нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді.

Сонымен қатар Гүлжан Сағидуллалқызы QS британдық агенттігінің рейтингі бойынша Қорқыт Ата университетінің алғаш рет әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындарының қатарына енгенін атап өтті. Соңғы бес жылда Еуропа мен Азияның беделді университеттерімен бірлескен инновациялық және қос дипломды 39 жаңа білім беру бағдарламасы іске қосылғаны мәлім болды. Ол 2019–2020 оқу жылымен салыстырғанда студенттер контингенті 2,2 есе, ал мемлекеттік грант негізінде білім алушылар саны 4,8 есе артқанын жеткізді. Кездесу барысында комитет төрағасы университет ректоры Бейбіткүл Сәрсемханқызы Каримованың басқа қызметке ауысатыны туралы хабарлады. Ұжым бұл жаңалықты толғаныспен қабылдап, ректорды құрметпен шығарып салды.

Ағарту саласының ардагерлері Бейбіткүл Сәрсемханқызының алты жылға жуық атқарған еңбегіне жоғары баға беріп, университеттің дамуына қосқан елеулі үлесін атап өтті. Университет ұжымы ректорға ерекше құрмет көрсете отырып, алдағы жаңа қызметіне табыс тіледі. Сыр өңірінің басты білім ордасын дамытуға сүбелі үлес қосқан ректорға университеттің ең жоғары марапаты – «Қорқыт Ата атындағы Алтын медаль» табысталды.

Өз кезегінде Бейбіткүл Сәрсемханқызы Мемлекет басшысы мен салалық министрдің тапсырмаларын орындау кезінде ұжым тарапынан көрсетілген қолдау үшін алғысын білдірді. Ол соңғы жылдары ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша түсетін табыс 9,3 есеге артқанын, ал жалпы ғылымнан түскен табыс 2,6 млрд теңгеден асқанын атап өтті. Сонымен бірге жас ғалымдарды қолдауға арналған ішкі гранттар көлемі едәуір ұлғайғанын, 2020 жылдан бері 185 аудитория жөнделіп, жаңартылған кітапханалар ашылғанын, ботаникалық бақ қайта жаңғыртылып, жылыжай тәжірибе алаңына айналғанын айтты. Ректор халықаралық ынтымақтастықтың күшейгенін, шетелдік ғалымдарды тарту және университет қызметкерлерінің әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өту мүмкіндіктерінің артқанын да жеткізді. Студенттердің қолайлы әрі қауіпсіз ортада білім алуы үшін барлық жағдай жасалғанына тоқталып, университеттің дамуына үлес қосқан

Қорқыт Ата университеті UI GreenMetric 2025 рейтингінде әлемдік деңгейде орын алды

Қызылорда. – UI GreenMetric 2025 жылғы World University Rankings (WUR) рейтингінің нәтижелері жарияланды. Әлемнің 105 елінен 1 745 университет қатысқан бұл рейтинг экологиялық тұрақтылықты бағалайтын жаһандық платформа саналады. Қазақстаннан 30 университеттің ішінде Қорқыт Ата Қызылорда университеті 1259-шы орынды иеленді. Бұл нәтиже университеттің тұрақты даму бағытындағы бейімділігінің және үздіксіз еңбек күшінің көрінісі. Орталық Азия үшін экологиялық тұрақтылық – стратегиялық маңызды мәселе. Су тапшылығы, климат өзгерістері және шектеулі

табиғи ресурстар аймақ университеттерінің жасыл қоғам қалыптастырудағы рөлін арттыра түседі. Қорқыт Ата Қызылорда университеті кампусты «жасыл» ету, ресурстарды тиімді пайдалану және тұрақтылыққа қатысты жаңа жобаларды іске асыру бағытында маңызды қадамдар жасап келеді. UI GreenMetric рейтингінде университеттер инфрақұрылым, энергетика, қалдықтар мен су ресурстарын басқару, көлік және тұрақты даму саласындағы білім беру мен зерттеулер бойынша бағаланады. Профессорлық-оқытушылық құрам мен қызметкерлерді осы жетістікпен құттықтаймыз!

ҚОРҚЫТ АТА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ ҚОРЫ СТИПЕНДИЯСЫНЫҢ ИЕГЕРІ АТАНДЫ

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 4 курс студенті Алина Зкриева Нұрсұлтан Назарбаев Қоры стипендиясының иегері атанды. Аталған байқау 2010 жылдан бері өткізіліп келеді. Оның басты мақсаты – жоғары және орта арнаулы (өнер және мәдениет) оқу орындарының күндізгі бөлім студенттерін оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін ынталандыру. Стипендиаттарды іріктеудегі негізгі критерийлер – жоғары академиялық үлгерім, қоғамдық жұмыстарға белсенді атсалысу, ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу, шығармашылық даму және республикалық, халықаралық деңгейдегі байқаулар мен жобалардағы жетістіктер болып табылады. Республикалық деңгейдегі іріктеуде Химия-биология білім беру бағдарламасының 4 курс студенті Алина Асхатқызы өз білімін, ғылыми ізденісін және шығармашылық қабілетін жоғары деңгейде танытып, үздіктер қатарынан көрінді.

Нәтижесінде Астана қаласында өткен марапаттау рәсімінде Нұрсұлтан Назарбаев Қоры стипендиясының иегері куәлігі мен төсбелгісін иеленді. Университет ұжымы студентіміз Алина Асхатқызын лайықты жетістігімен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да биік белестерді бағындыруына, ғылым мен білім жолында табысқа жетуіне тілектестік білдіреді.



Қорқыт Ата университеті мен Түркия ғалымдары жаңа ғылыми жоба әзірлеуде

Түркия Республикасының Сакарья университетінің профессоры Махмут Озачар жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына шетелдік сарапшыларды тарту бағдарламасы аясында Қорқыт Ата университетіне келіп, университет ғалымдарымен бірлесіп онлайн және офлайн форматтарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Қазіргі таңда ол «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертханасының ғылыми қызметкерлерімен бірге ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті жариялаған гранттық қаржыландыру конкурсына жоба әзірлеу үстінде. Жоба тақырыбы: «Әртүрлі

мақсаттарда қолданылатын күріш сабанынан алынған целлюлоза және оның туындыларына негізделген функционалды гидрогельдерді әзірлеу». Бұған дейін профессор Махмут Озачар Қорқыт ата университетінің ғалымдарымен бірлесіп Scopus және Web of Science халықаралық ғылыми базаларында индекстелген журналдарда бірнеше мақала жариялаған. Кездесу барысында тараптар ғылыми бағыттағы ынтымақтастықты кеңейту, бірлескен жобалар мен зерттеулер жүргізу мәселелерін талқылады.

Адамзат тарихында алғашқы ең танымал университет Түркияның оңтүстік-шығысындағы Харран қаласында орналасқан.



ОБЛЫСТЫҚ ЖАЙДАРМАН ФЕСТИВАЛІНДЕ ЖҮЛДЕЛІ Орын иеленді

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Стратегиялық даму және ІТ жөніндегі проректоры Мұрат Айтимов ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің қолдауымен, «Қызылорда КВН» филиалының ұйымдастыруымен өткен облыстық жайдарман фестивалінде жүлделі орын иеленген студенттерді қабылдады. Фестиваль «Заң және тәртіп» қағидасын насихаттау мақсатында өткізілді. Байқауда университеттің «Матриархат» қыздар командасы І орынға ие болып, 200 000 теңге көлеміндегі қаржылай сыйақымен марапатталды. Ал «Бренд» жігіттер командасы ІІІ орынды иеленіп, 100 000 теңге қаржылай сыйақыға қол жеткізді. Кездесу барысында Мұрат Айтимов студенттерді жеңістерімен құттықтап, олардың белсенділігі мен шығармашылығын жоғары



бағалады. Сондай-ақ жастардың осындай мәдени-шығармашылық жобаларға қатысуы азаматтық жауапкершілікті арттырып, командалық рухты нығайтатынын атап өтті.

Құттықтаймыз!

Университетіміздің қуанышты жаңалықтары күннен-күнге толастамай, білім мен ғылым көшін алға сүйрейтін жетістіктерімен қуантады. Бұл толағай табыстар – оқу ордамыздағы ғылым жолын таңдаған ізденімпаз зерттеушілер мен жас ғалымдардың еңбегінің жемісі. Осы ретте сіздерге философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін диссертацияларын сәтті қорғаған әріптестеріміздің есімдерін ұсынамыз!

Археология және этнография ғылыми орталығының ғылыми қызметкері Г. Амиргалина Германияның Эберхард және Карл атындағы Тюбинген университетінде археология мамандығы бойынша (11.11.2025).

Информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар БББ аға оқытушысы Б.Жарменова – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 8D01517 – Биология БББ бойынша (12.11.2025 ж.).

Университет докторантурасының түлегі Г.Б.Ахмедова – Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде 8D08101 – Агрономия БББ бойынша (18.11.2025).

Университет докторантурасының түлегі Г.М. Байхожаева – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 8D01517 – Биология БББ бойынша (26.11.2025).

Инженерлік бейіндегі зертхананың ғылыми қызметкері М.Н.Жанаков Л.Н.Гумилов атындағы Еуразия ұлттық университетінде 8D05306 – Химия БББ бойынша – (28.11.2025).

Ғылымға қосқан өлшеусіз үлестері үшін әріптестерімізді шын жүректен құттықтаймыз! Ізденіс жолдары жемісті болып, толағай табыстар мен жаңа белестерге жете берулеріне тілектеспіз!

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ: ПОЛЬШАҒА БІЛІМ САПАРЫ

Қазіргі таңда білім беру саласындағы академиялық ұтқырлық бағдарламасы студенттер үшін жаңа әлем есігін ашады. Осы арқылы Қазақстанның жоғары оқу орнынан Польшаға білімін жетілдіруге барған белсенді студенттердің бірі – АЯ-23-5 оқу тобының 3-курс студенті Сағатова Аделина.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Аделина бұл оқу жылын Польшадағы Лодзь университетінде өткізіп жатыр. Ол Еуропадағы оқудың, тұрмыс жағдайларының, Польшадағы студенттік өмірдің ерекшеліктерін, сондай-ақ бағдарлама оның жеке және мансаптық болашағына қалай әсер ететіні жайында бізбен ой бөлісті. Сұхбатта Аделинаның Польшадағы тәжірибесі мен алған білімінің құндылығына назар аударамыз.

- Университеттің ресурстары (кітапхана, зертхана, техника, онлайн базалар) Қазақстандағы оқу орындарының ресурстарымен салыстырғанда қандай деңгейде?



- Менің байқауымша, Лодзь университетінің ресурстары Қазақстанның оқу орындарына қарағанда әлдеқайда қолжетімді. Әсіресе, кампустағы ғаламтордың жоғары жылдамдығы оқу мен зерттеу үшін қолайлы жағдай туғызған. Бірақ, кітапханалық қордың байлығына қарамастан, керек кітапты алу үдерісі күрделі және ұзаққа созылып жатыр. Ал, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде мұндай мәселе орын алмап еді.

- Құжат рәсімдеу кезінде басқа студенттерге қайталамауға кеңес беретін 3 қағидаңыз айтсаңыз.

- Әуелі құжаттарды уақытында тапсыру үшін дайындықты ертерек бастаған жөн. Құжаттарды тақалған күні тапсыру кезеңі өте күрделі болып келеді, өзіңізді асығыс сезінесіз. Екіншіден, құжат тапсыру үдерісін

жеңілдету мақсатында IELTS тапсыруға болады, себебі сізде IELTS болған жағдайда TOEFL емтиханын тапсырмайсыз. Соңғы қағида, сіз визағы құжатты ертерек тапсырып қойсаңыз жақсырақ болады, сәйкесінше сабаққа да кедергі келтірмейді.

- Оқудан кейінгі ең алғашқы мақсатыңыз қандай болмақ?

- Оқудан кейінгі менің мақсатым - жазғы Америкалық Work and Travel бағдарламасына құжат тапсырып көріп, бағымды сынау. Мен Америкада жұмыс істеп, ағылшын тілін жетілдіріп, сол елдің мәдениетін тереңірек түсінгім келеді.

- Польшадағы айлық өмір сүру шығындары Қазақстандағы қалыпты өмір сүруге кететін шығынмен салыстырғанда деңгейі қандай?

- Шынымды айтсам, тұрмысқа қажетті шығындар бойынша Польша мен Қазақстанның арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ, шығындар шамамен бірдей деңгейде. Дегенмен, Қазақстандағы орташа жалақы мөлшері Польшамен салыстырғанда әлдеқайда төмен екенін байқадым.

- Қоғамдық орындардағы поляктардың мәдениеті туралы не айта аласыз?

- Қоғамдық орындарда поляктар өздерін сыпайы ұстанады. Біздің қоғамға үйренетін біраз жақсы ұсыныстар бар. Ең алдымен бізге тазалықты үйрену керек (Польшаның көптеген көшелері мен орындары таза болып келеді және халық өз артынан жинап жүреді екен). Екіншіден, Поляктар ешқашанда қоғамдық орындарда дауыс көтермейді. Сонымен қатар Поляктар мәдени қоғамдық орталарда көп жүреді. Сол себепті Польшада театрлар, кітапханалар, кітап дүкендері және мәдени мұралар саны айтарлықтай жоғары болып келеді.

- Польшада мемлекеттік тілдің жай-күйі қандай?

- Иә, Польшада күнделікті өмірде поляк тіліне басымдық берілген. Университет ішінде ағылшынша сөйлей беруге мүмкіндік берілгеннің өзінде, көшеде, дүкенде, көлік жүйесінде поляк халқы бір-бірімен тек полякша сөйлеседі. Сондықтан ағылшын тілі жеткілікті болғанымен, толық бейімделу үшін кем дегенде бастапқы деңгейде поляк тілін үйренуге тура келеді.

- Польшада оқуды жоспарлап жүрген басқа студенттерге қандай кеңес берер едіңіз?

- Дисциплинаны қазірден бастап қалыптастыру керек дер едім. Өйткені, оқу процесінде де, Польшадағы күнделікті өмір сүруде де, жалпы әрбір қадамда тәртіптілікке деген сұраныс өте жоғары. Ұқыптылық пен өз-өзіңді ұйымдастыру тек оқуда табысқа жетудің ғана емес, сонымен бірге жаңа ортаға тез бейімделудің де негізгі кілті екенін ұғандым.

- Алдағы оқу-ізденістеріңізге, жаңа ортаға бейімделуіңізге тек сәттілік тілейміз. Әңгімелескеніңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Анел ҚАНЫБЕК

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ РӨЛІ

XXI ғасыр – цифрлық технологиялардың өркендеу ғасыры. Соңғы онжылдықта білім беру саласында орын алған өзгерістер қоғамның барлық саласына әсер етті. Сол өзгерістердің ең көрнектісі – жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының дамуы мен олардың адам өмірінің түрлі салаларына енуі. Егер бұрын жасанды интеллект ұғымы тек ғылыми фантастика мен зертханалық тәжірибелер деңгейінде қарастырылса, бүгінде ол нақты қолданысқа ие интеллектуалды жүйелер түрінде өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе, шет тілдерін, соның ішінде ағылшын тілін оқытуда жасанды интеллект үлкен маңызға ие бола бастады. Өйткені, ағылшын тілі – жаһандану дәуіріндегі халықаралық қатынастың, ғылым мен технологияның басты тілі. Оны үйрету тәсілдерін жетілдіру қоғамның стратегиялық мақсатына айналмақ.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, жасанды интеллект шет тілін оқытудың дәстүрлі әдістерін түбегейлі өзгертіп, жаңа мүмкіндіктер ашады. Doğan Talan өздерінің “Artificial intelligence in foreign language learning: A bibliometric analysis” атты еңбегінде жасанды интеллекттің білім беру саласындағы ықпалын библиометриялық тұрғыдан талдап, соңғы онжылдықта осы тақырыпқа арналған ғылыми еңбектер санының қарқынды өскенін атап өтті. Бұл дерек жасанды интеллекттің тіл үйрету саласында өзекті әрі перспективалы бағытқа айналғанын дәлелдейді. Бұл білім беру платформалары сөйлеу дағдыларын дамыту үшін чат-боттар мен виртуалды ассистенттерді қолданады. Мысалы:

1. TalkPal платформасы пайдаланушылардың тілдік дағдыларын талдап, олардың күшті және әлсіз жақтарын анықтайды. Бағдарлама оқушыға ең қажет бағыттарда тапсырмаларды бейімдеп ұсына отырып, үйрену барысын жеңіл әрі нәтижелі етеді.

2. Duolingo болса, геймификацияланған тәсілімен ерекшеленеді. Ондағы жасанды интеллект оқу қарқынын және жаттығулардың күрделілігін оқушының деңгейіне қарай реттейді. Өртүрлі ойындар мен тестілер оқушының ынтасын арттырып, тіл үйренуді ойын түрінде ұйымдастырады. Дегенмен, күрделі грамматикалық құрылымдарды үйрету жағынан ол әлі де шектеулі.

3. Rosetta Stone қолданбасы сөйлеуді тану технологияларын пайдаланып, оқушыға дәл және жекелендірілген кері байланыс береді. Бағдарлама тілдік ортаға толық ену қағидасына сүйеніп, тыңдау және сөйлеу дағдыларын табиғи жолмен дамытады.

4. Babbel платформасы шынайы коммуникацияға басымдық береді. Оның алгоритмдері пайдаланушының оқу қарқынына қарай материалдың деңгейін автоматты түрде реттейді. Практикалық бағыттағы тапсырмалар тіл үйренуді нақты өмірлік жағдайлармен байланыстырады.

5. Mondly қосымшасы жасанды интеллект пен дауыс тану технологияларын біріктіріп, виртуалды әңгімелесушімен қарым-қатынас жасау мүмкіндігін ұсынады. Мұндай тәсіл оқушылардың сөйлеу машығын дамытуға және өзіне сенімділігін арттыруға ықпал етеді.

Жансая АҚЫЛДА,
АЯ-23-7 оқу тобының студенті

ЖЕЛТОКСАН ЫЗҒАРЫ

1986 жылы орын алған Желтоқсан көтерілісі тарих беттерінде бүгінге дейін алтын әріппен жазулы тұр. Бұл оқиға – тәуелсіздікке, еркіндікке, азаттыққа ұмтылған ұлттың ұмтылуының жемісі. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумында Д. Қонаевтың қызметінен алынуы және билік басына Г.В.Колбиннің келуі халқымызды ашындырып қана қоймай, көтеріліске шығуға себеп болды. 17-18 желтоқсан аралығында намысшыл қазақ жастары, жұмысшылар жиналып, бейбіт шеруге қатысты. Кеңес Өкіметінің жылдар бойы жүргізген сыңаржақ саясатына ашынған халық енді үнсіз тұра алмады. Олардың басты талабы: «Әр республикаға – өзінің басшысы!», «Ұлт саясатының лениндік принциптерін сақтауды талап етеміз!» деген бейбіт ұрандар еді. Жастардың талабы әділ, ұрандары бейбіт болғанына қарамастан, орталық билік оларды естуден бас тартты. Керісінше, шерушілерге қарсы мемлекеттік қуатты күш – арнайы әскер бөлімдері, милиция, курсанттар және халық жасақтары жұмылдырылды. Алаңды қоршауға алған күштер жастарды сойылмен, әскери күрегімен аяусыз ұрып-соқты. Қақаған аязда оларға су шашылды, бұл әрекеттердің барлығы көтерілісшілерді қорқытып, таратуға бағытталды. Бейбіт шеру

каталдықпен басып жаншылды. Көтеріліске қатысқандар оқудан шығарылып, жұмыстан қуылып, «бұзақылық», «ұлтшылдық» деген айыппен қамауға алынды.

Желтоқсанның қаһармандары: Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхаметжанова, Ербол Сыпатаев сынды күрескен жастар есімі халық жадында мәңгі сақталмақ. Олардың ішіндегі өршіл рухты, жалынды жастардың бірі – Қайрат Рысқұлбеков «бүлік ұйымдастырушы» ретінде айыпталып, ату жазасына кесілді. Оның сотта айтқан: «Ақтық демім қалғанша халқыма қызмет етемін!» деген сөзі – ұлттық рухтың өміршеңдігінің көрінісі. Бұл қатаң жаза кейін жиырма жылға бас бостандығына айыру үкімімен жеңілдетілді. Десек те Қайрат Рысқұлбеков түрмеде құпия жағдайда қаза тапқан еді...

“Қазақтар! Кіріптарлық құлдыққа өмір сүргеніміз жетеді! Біз еліміздің тәуелсіздігін жеңіп алған кезде ғана азат бола аламыз!” деген ұранмен шыққан Ләззат Асанова туралы жатақхананың бесінші қабатынан құлап өлген деген қауесет таратылған. Ләззат Асанованы жерлеудің алдында денесін ақ жуып, аруалаған кезде оның екі білегіне салынған темір бұғаудың қалдырған көкпенбек іздерін, бас сүйегінің шүйдесі

ойылып кеткені анықталды. Осыған қарағанда ол жазалаушылардың қолынан қаза тапқан. Қазақ қызының тағдыры осылайша саясаттың ықпалымен қыршынынан қиылғаны өкінішті-ақ... Ал Алматы энергетика институтының 22 жастағы студенті, қайсар Ербол Сыпатаевтың Желтоқсан көтерілісіндегі ауыр жарақаттан қаза тапқандығы тарих беттерінде жазулы. Екі бірдей қазақ қызын құтқарамын деп, қарулы жасаққа қарсы шыққандығы – ерен ерлік. Ата анасының жоқтығына қарамастан, өн бойына батылдықты жинаған қайсар тұлға әрекеті – өшпес із.

Желтоқсан көтерілісі – тәуелсіздіктің жаршысы, алаңға шыққан жастардың ел игілігі үшін жасаған өктем үні. Қыршынынан қиылған әрбір жастың тағдыры, қазақ қыздарының жанайқайы, халықтың еркіндікке ұмтылуы жұдырықтай жүрекке үлкен салмақ салып отыр. Қазір қол жеткізген тәуелсіздігіміз кешегі күннің ерлігінде жатыр. Азаттықтың алтын танын бағалау мен дәріптеу мына біздерге жүктелген міндет. Әрбір қазақ күрсіне еске алатын Желтоқсан жалыны халықтың есінде қала бермек...

Аяулым СЕЙТЖАПБАР,
КЯЛ-22-3 оқу тобының студенті

ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРАР КҮШ – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Өскелең ұрпақты ұлттық құндылықтар рухында тәрбиелеу – бүгінгі күннің ең өзекті мұраттарының бірі. Өйткені қазақ қоғамының қайнар көзі, рухани дінгегі, мыңжылдықтардан жеткен терең тамыры дәл осы құндылықтарда жатқанын уақыт талай мәрте дәлелдеді. «Жас бала – шыбық, қалай иілсе солай өседі» деп айтқан бабалар сөзі бекер емес. Балаға берілетін дұрыс тәрбие – ұрпақтың да, ұлттың да тағдырына айналатын ерекше жауапкершілік. Ұлттық тәрбиенің нәрімен сусындап өскен бала ғана Отанның қадірін ұғып, елінің ертеніне айналмақ. «Ел боламын десең, бесігінді түзе» деген аталы сөздің тамыры да осы терең мағынадан тартады. Әр халықтың мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан өз мәдениеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігіне сай тәрбиелік жол-жоралғылары бар. Қазақ халқының халықтық тәрбиесі – уақыттың талқы-сынан өтіп, халықтың өз ой-арманына, мұрат-мақсатына үйлесіп, тұрмысымен біте қайнасқан ғасырлар қойнауынан жеткен асыл қазына. Ол – жазба мұралардан, ауыз әдебиетінен, күй мен жырдан, ұлттық өнер тағылымынан, салт-дәстүрдің сан қатпарынан нәр алып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып жалғасқан бай рухани әлем. Өткеннің өнегесін бойына сіңірмей, жас буынды ұлттық рухпен тәрбиелеу мүмкін емес. Ұрпақтар сабақтастығы үзілмей, рухани мұра мен бүгінгі заманның құндылықтары жарасымды жалғасып отырғанда ғана ұлттық бол-

мыс биіктеп, адам санасы кемелденеді. Бай рухани мұрамыз – халқымыздың ғасырлар бойы жүрегінен төгілген сырлы күйі, мұңды арманын домбыраның қос ішегіне сыйдырған сазы, сыбызғының боздалған үні, кең даланың рухын жеткізген жыр-дастандары. Бұлар – ұлттың жан айнасы, рухани жебеушісі. Еліміздің рухани-мәдени мұрасын тану, оны қадірлеу – өткенге тағзым ғана емес, келешек үшін жауапкершілік. Себебі ұлттық тәрбие – тек сабақ емес, ұлт өмірін жалғаушы терең арна, адамгершіліктің мәңгілік көзі. Адам ба-

тұлға болып өсуі – қоғам талабы. Ұлттық құндылықтарымыз – лиро-эпостық жырлар, батырлар эпосы, ауыз әдебиеті, зергерлік пен қолөнер, ұлттық ойындар – бәрі-бәрі ұрпақтың рухын шыңдайтын баға жетпес байлық. Аламан бәйге мен көкпар, асық ату мен арқан тартыс – тек ойын емес, ұлт рухын ұлықтайтын мектеп. Бабаларымыздың әр сөзі – өшпес өсиет. «Балаң өзіңе тартса – жұбан, қоғамға тартса – қуан» деуінің төркіні – баланың ел игілігіне жарайтын азамат болуын тілеуден туған. «Балаң басқұр қалдырғанша, тозбайтын дәстүр қалдыр» деген сөзінің өзі ұлтты ұйыстыратын дәстүрдің мәңгілік құндылығын меңзейді. Дегенмен бүгінгі таңда үлкенге құрметтің кеміп, ата-анасына қарсы сөйлеу, ұстазға қарсы шығу сынды жат қылықтардың бой көрсетуі – ұлттық тәрбиенің әлсіреуінен. Жас буын өзінің ұлт болашағына жауапты екенін, ұлттық құндылықтың сақтаушысы екенін терең сезіне бермейді. Осы себепті тәрбие мен ұлттық сана – қоғамдағы ең басты құндылық болуы тиіс. Егемен еліміздің ертеңі – рухы биік, бірлігі бекем, ойы озық ұрпақтың қолында. Бізді бөлетін емес, біріктіретін жолды тандап, ұлт құндылықтарын бәрінен жоғары қою – әр қазақтың қасиетті борышы.

Ұлттың құндылығы – ұрпақтың шамшырағы. Оны жоғалтқан ел әлсірейді, сақтаған ел мәңгі жасайды.

Дамира АМАНЖОЛОВА



ласы қай заманда да тәрбиеге мұқтаж. Тәрбие – елдің ертеңін айқындайтын тетік. Сондықтан әр ұлттың өз болмысына сай қалыптасқан тәрбиелік жүйесін сақтап, оны заман талабымен үйлестіріп дамыту – парыз. Бүгінгі ұрпақ өз халқының тарихын, тегін, дәстүрін, тілін танып, адамзаттық мәдениетті терең түсінетін, шығармашылық ойы қалыптасқан

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ИДИОМАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БЕЙІМДЕЛУ МҮМКІНДІГІ

Қазіргі жастар арасында ағылшын тіліндегі фразеологизмдер мен олардың калькалары жиі қолданылады. Осы тақырыпты АЯ-22-5 оқу тобының студенті Аубақир Айша талдап, жастардың тілдік әдеттері мен әлеуметтік желілердің әсері туралы өз пікірімен бөлісті.

- Жастар арасында ағылшын фразеологизмдері, олардың калькалары қаншалықты жиі қолданылады?

- Соңғы жылдары жастар арасында ағылшын фразеологизмдері мен олардың калькаларының қолданысы айтарлықтай күшейіп келеді. Бұл құбылыс әсіресе интернеттегі тілдік қарым-қатынаста, әлеуметтік желілердегі жазбалар мен чаттарда айқын көрінеді. Мысалы, crush сөзінің «краш» түрінде кең таралуы немесе mood, random, ok boomer сияқты тіркестердің калька не жартылай калька күйінде қолданылуы — ағылшын тілінен енген жаңа тілдік элементтердің нақты дәлелі. Сонымен қатар «лайк басу», «скриншот жасау», «хайп», «фейл», «респект» сияқты ағылшыннан тікелей немесе жанама енген сөздер жастардың күнделікті сөйлеу тілінің ажырамас бөлігіне айналды. Тіпті кейбір фразеологизмдердің құрылымы толық сақталып, мағынасы өзгермей қолданыла бастады: мысалы, no comments — «но коммент», by the way — «бтв», same here — «сейм хер», so sorry — «со сори» түрінде көрінеді. Мұндай тілдік бірліктер мемдер, бейнежазбалар, стримдер мен блогтар арқылы тез тарап, жасөспірімдердің ғана емес, жас ересектердің тілдік дағдысына да ықпал етіп отыр. Нәтижесінде ағылшын тілінің фразеологиясы

қазақ жастарының коммуникациясында жаңа стильдік қабат қалыптастырып, сөйлеу тілін бейресми, заманауи сипатқа ие етуде.

- Бұл құбылыс қазақ тіліне залалын келтіре ме, әлде дамуына үлес қоса ма?

- Бұл құбылыстың қазақ тіліне зиян немесе пайда әкелуі туралы пікірлер екіге бөлінеді. Бір жағынан, ағылшын тілінен тікелей калькалау қазақ тілінің табиғи дамуын бұзып, оның ішкі заңдылықтарын әлсіретуі мүмкін. Жастардың дайын шет тілдік үлгілерді сол күйі қолдануы қазақ тілінде таза, жүйелі ойлау қабілетінің төмендеуіне әкеліп, ана тіліндегі байырғы сөздер мен фразеологизмдердің сиреуіне себеп болады. Екінші жағынан, кей зерттеушілер мұны тілдің табиғи эволюциясы деп бағалайды, оны жаһандану жағдайында жаңа сөздердің енуі қазақ тілін байытатын фактор ретінде қарастырады. Жастардың жаңа лексиканы тез қабылдауы тілді заман ағымына бейімдеп, оның бейресми стильдерін жандандырады. Мысалы, интернет мәдениетімен байланысты «тренд», «контент», «фанат», «пранк» сияқты сөздер белгілі бір жаңа ұғымдарды дәл жеткізуге көмектеседі. Осындай жаңалықтар тілді ікемдірек, заманауи коммуникация талаптарына сәйкес ете түседі. Дегенмен, бұл екі бағыттың ішінде тепе-теңдік маңызды. Яғни, ағылшынша сөздер мен фразеологизмдер шектен тыс көбейіп, қазақ тілінің ішкі заңдылығына бағынбай қолданылса — бұл қазақ тіл білімі үшін қауіпті.

- Болашақта ағылшын тілінен енген тұрақты тіркестер қазақ тілінің нормасына айналуы мүмкін деп ойлайсыз ба?

Неліктен?

- Иә, болашақта ағылшын тілінен енген тұрақты тіркестердің қазақ тілінің нормасына айналып кетуі әбден мүмкін, әрі бұл құбылысты бірнеше әлеуметтік және тілдік факторлармен түсіндіруге болады. Біріншіден, қазіргі жастардың басым бөлігі ағылшын тілін еркін немесе жартылай еркін меңгеріп келеді. Олардың күнделікті коммуникациясында ағылшын тіркестерінің қатысуы — тек уақытша сән емес, тілдік әдетке айналып бара жатқан тұрақты тенденция. Екіншіден, жаһандану жағдайында жаңа ұғымдар, жаңа технологиялар, жаңа мәдениет элементтері ең алдымен ағылшын тілінде пайда болады. Сол себепті оларды қазақшаға дәл, толық мағынада аудару әрдайым мүмкін бола бермейді. Соның нәтижесінде ағылшын тіліндегі кей фразалар мен сөз тіркестері баламасын күтпей-ақ тікелей қолданысқа енеді. Сонымен қатар, қазақ тілінде араб, парсы, моңғол, орыс тілдерінен енген лексикалық қабаттар толықтырылған. Уақытында жат көрінген сөздердің біразы бүгінде қазақ тілінің толыққанды төл элементіндей қабылданады. Сол сияқты ағылшыннан енген тіркестер де болашақта қалыпқа түсуі мүмкін.

- Сұхбатқа уақыт бөлгеніңізге рақмет! Тақырып төңірегіндегі ой-пікірлеріңіз өте маңызды әрі қызықты болды.

Сұхбаттасқан
Анел ҚАНЫБЕК,
КЯЛ-22-3 тобының студенті

БОЛАШАҚ МАМАН БЕЙНЕСІ: БІЛІМ ЖОЛЫНДАҒЫ ІЗДЕНІС ПЕН ЖЕҢІС

Бүгінгі білімді де талапты жастардың кәсіби таңдау жасайтын кезеңі — олардың өміріндегі ең маңызды бетбұрыстың бірі. Әр түлек өз жүрегіне жақын бағытты таңдап, болашағын сол жолмен байланыстырғысы келеді. Осы орайда бітіруші түлегіміз ПП-22-1 оқу тобының студенті Аружан Махаббатпен арнайы жүздесіп, оның мамандық таңдаудағы ой-толғамын, оқу барысында жинаған тәжірибесін және жеткен жетістіктерін білуге мүмкіндік алдық.

- Осындай маңызды әрі жауапты мамандықты таңдауыңыздың себебі неде?

- Бұл мамандықты таңдауымның түпкі мәні — адам жанына жақын болу, қоғамға пайдалы болу. Әсіресе, балалардың нәзік ішкі әлемін түсінуге, олардың қиын сәттерінде сенімді тірегі болып, қолдау көрсетуге деген ықылас мені осы салаға жетеледі. Психология мен педагогикаға деген терең қызығушылық мені ешқашан тастаған емес. Тек өзім ғана емес, ақылшы атамның да мені осы ұстаздық жолда көргісі келгені, таңдауымды нығайта түсті. Өз өмірімді өзгелерге үміт сыйлайтын игі істермен байланыстыру — менің басты мұратым.

- Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде 4 жыл бойы білім алудасыз. Бұл оқу орны сіз үшін несімен құнды?

- Қорқыт Ата университеті — бұл жай ғана оқу орны емес, ол — оңтүстік өңірдегі беделі мен тарихи мұрасы айқын көрінетін білім ошағы. Менің бұл оқу орнына деген қызығушылығым, оның сапа кепілдігіне негізделген. Мұндағы білім беру жүйесінің тереңдігі, профессор-оқытушылар құрамының жоғары кәсібилігі және студенттерге ұсынылатын ауқымды академиялық мүмкіндіктері менің таңдауыма күмән тудырмаған. Өзімді бәсекеге қабілетті

және сенімді ортада көріп, келешек маман ретінде жан-жақты қалыптасудамын деп есептеймін.

- Сіздің кәсіби біліміңізді қалыптастыруда, ой-өрісіңізді кеңейтуде университеттік бағдарламадағы қандай пәндер ерекше әсер етті?

- Университет қабырғасында менің назарымды аударып, кәсіби негізімді қалаған пәндер — “Жалпы психология” мен “Жас ерекшелік психологиясы” сияқты фундаменталды курстар. Алайда, мен үшін ерекше құнды

болғаны — көптеген оқу орындарында оқытыла бермейтін “Эмоционалды интеллект”, сондай-ақ, “Педагогикалық психология”, “Нейропсихология” пәндері. Әсіресе, Нейропсихология курсы Ресейден келген білікті маман Наталья Фоминых апайымның өзі жүргізді. Бұл пәндер маған тек теориялық білім беріп қана қоймай, адамдардың, балалардың ішкі танымдық процестерін тереңірек түсінуге, олардың мінез-құлқы мен ойлау жүйесін ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік беріп, ой-өрісімді айтарлықтай кеңейтті.

- Студенттік шағыңыздағы басты жетістігіңіз туралы сөз тарқатсаңыз.

- Студенттік шағымдағы ең басты жетістігім — бұл тек диплом немесе марапаттар емес, ең алдымен, қоғамдағы кәсіби орнымды айқындауым. Әртүрлі жобаларға белсенді қатысып, қоғамдық жұмыстарға араласу арқылы мен балалармен, соның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеудің баға жетпес тәжірибесін жинақтадым. Бұл тәжірибе мені кәсіби тұрғыда да, адам ретінде де терең өсірді, әрі бұл еңбек нақты нәтижелермен дәлелденді: 2024 жылы «Асыл-Мирас» аутизм орталығындағы сапалы практика үшін Алғыс хат табысталды, сол жылы НИРС ғылыми жобасында І орынды иелендім. Сонымен қатар, университет қабырғасында жүріп, «Педагог: идентификация, құзыреттілік және біліктілік» атты 71 академиялық сағаттық курстан сәтті өтіп, сертификат алғаным — өзімнің үздіксіз дамуға деген ұмтылысымның айқын көрінісі.

- Ізденіс жолыңыз әрдайым ашық болсын. Рақмет!

Сұхбаттасқан
Анел ҚАНЫБЕК,
КЯЛ-22-3 тобының студенті



ЖАҢБЫР СУЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ: ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚҚА БАСТАР ЖОЛ



Қазіргі таңда әлем халқы су тапшылығы мәселесімен бетпе-бет келуде. Біріккен Ұлттар Ұйымының болжамы бойынша, 2025 жылға қарай әлем халқының жартысына жуығы су тапшылығы жағдайында өмір сүреді. Бұл жағдай Қазақстанды да айналып өтетін өзекті мәселе. Еліміздің климаттық ерекшелігі – республика бойынша орташа жауын-шашын көлемі 130–700 мм аралығында болғанымен, оның көп бөлігі буланып кетеді. Қазақстанда су тапшылығы әсіресе Маңғыстау, Қызылорда және Атырау облыстарында айқын сезіледі. Мысалы, Маңғыстау облысында жылдық жауын-шашын мөлшері небәрі 120–150 мм шамасында болса, Алматы облысында бұл көрсеткіш 600–700 мм-ге жетеді. Осындай аймақтық айырмашылықтар жаңбыр суын жинау жүйесін енгізуді географиялық ерекшеліктерге сай жоспарлау қажеттігін көрсетеді.

Жаңбыр суын жинау – табиғи ресурстарды қорғауға, суға деген тәуелділікті азайтуға және экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталған нақты тетік. Математикалық есептеулер бұл тиімділікті нақты көрсетеді. Жинақталатын су көлемін есептеудің негізгі формуласы: $V = P \cdot A$, мұндағы V – судың көлемі (литр), P – жауын-шашын мөлшері (мм), A – су жиналатын аумақ (m^2). Жауын-шашын 500 мм болған жағдайда, $100 m^2$ шатырдан бір жыл ішінде шамамен 50 000 литрге дейін жаңбыр суын жинауға болады. Бұл суды техникалық мақсатта, ауыл шаруашылығында немесе көгал суару үшін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Мысалы, Алматы қаласында мамыр айындағы орташа жауын-шашын мөлшері (80 мм) арқылы $100 m^2$ шатырдан тек мамыр айында 8000 литр су алуға болатыны анықталған. Rainwater Harvesting Association (2021) мәліметі бойынша, дұрыс жобаланған жаңбыр су жүйесі ғимараттарғы жалпы су тұтынудың 30%-ын алмастыра алады. Бұл су үнемдеудің маңыздылығын және жүйенің

жобалануында математикалық модельдерді қолдану қажеттілігін көрсетеді.

Жаңбыр суын жинау және қайта пайдалану жүйесінің жұмыс істеу принципі келесідей:

I. Жаңбыр суы шатыр бетіне түсіп, арнайы науалар мен құбырлар арқылы жинау ыдысына жеткізіледі. Бұл құбырларды геометриялық есеппен қойып, ғимараттарға зиян келтірмеуі үшін суағарлар (водостоки) арнайы бұрышпен орнатылады, оны анықтау үшін тригонометриялық функциялар пайдаланылады.

II. Жинақталған су алдымен сүзгілерден өтеді (жапырақ, құм, қоқыстан тазарту). Суды сақтау ыдысында арнайы қақпақ, сүзгі және судың жарамсыз болып кетуіне жол бермейтін желдеткіш болуы керек.

III. Жиналған суды бақша суаруға, көше жууға, дәретхана суына, кір жууға және машина жууға қолдануға болады. Сондай-ақ, қосымша тазарту жүйелері (сүзгілер) арқылы ауыз су ретінде де пайдалану мүмкіндігі бар.

Жаңбыр суын жинау жүйесін орнатуға кететін жалпы шығын шамамен 850 000 – 1 000 000 теңгені құрайды. Бұл қаражат бір мектеп немесе мекеме үшін 5 000 – 10 000 литрлік жүйе орнатуға жеткілікті. Біріншіден, шатыр аумағына, жауын-шашын көлеміне және орналасқан аймаққа қарай жылына 40 000 – 60 000 литрге дейін су жиналады. Екіншіден, су шығыны азайып, коммуналдық төлемдерден жылына шамамен 60 000 – 100 000 теңге үнемделеді. Үшіншіден, Қызылорда, Түркістан, Маңғыстау сияқты су тапшы аймақтарда бұл жоба үлгі ретінде қолданыла алады. Төртіншіден, жас ұрпақ табиғатты қорғауға әрекет жасап бастауы, тәжірибелік түрде үйренеді. Осылайша, алынған нәтижелерді басқа мекемелерге енгізуге болатын үлгілік жоба ретінде ұсынуға мүмкіндік береді.

Жаңбыр суын жинау жүйесі – Қазақстан жағдайында су үнемдеудің тиімді жолы. Нәтижесінде, су тапшылығын азайтуға, шығынды үнемдеуге және экологиялық мәдениетті арттыруға жол ашылады. Бұл жоба – болашаққа бағытталған, тиімді әрі қолжетімді шешім.

Дниас МЕДЕТҰЛЫ,
М-24-3 оқу тобының студенті

Ғылымға жетелеген жол



Ғылым жай ғана белгілі бір нәрсені зерттеумен ғана шектелмейді. Ол – ізденіс, ұмтылыс пен қызығушылықтан бастау алатын ерекше әлем. Мен университетке келе салысымен ғылыми ізденістерге белсене араласып келемін. Әр бастаған зерттеуім маған жаңа ой, жаңа сұрақ және жаңа мүмкіндік сыйлайды. Әрбір тәжірибе, сәтті шықсын немесе сәтсіз болсын – менің ғылыми жолымның маңызды бір бөлігі.

Зерттеу барысында мен тек академиялық білім ғана емес, өзімнің жеке қасиеттерімді де дамыта бастадым: шыдамдылық, дәлдік, дерекке сүйену, сыни ойлау сияқты дағдылар ғылымда аса қажет екенін түсіндім. Ғалым болу деген – тек ақпарат жинау емес, ол ақпарат арқылы жаңа дүниені ашу, бұрынғы білімді қайта қарау және қоғамға пайда әкелетін нәтижеге ұмтылу.

Мен үшін ғылым – өзімді табудың, мүмкіндіктерімді сынаудың және болашаққа бағыт салудың жолы. Осы жолда менің алдымнан қандай кедергі кездессе де, мен оны зерттеп, түсініп, шешім іздеуге дайынмын. Өйткені ғылым дәл осы қасиетті талап етеді.

Жандос ӘБДІХАМИТ,
ХБ-23-1 оқу тобының студенті

Нәтижелі ізденіс

Ғылым – бұл адамзаттың білім қорын үнемі молайтып, өмір сапасын жақсартатын ізденіс процесі. Ол жаңа тұжырымдарды ашуға, мәселелерді шешуге және қоғамдық дамуға бағытталған жүйелі зерттеулерді білдіреді.

ХБ-23-1 оқу тобының бес студенті болып, біз «Өсімдіктер дүниесіндегі плантаноидтарды зерттеу» атты маңызды ғылыми жоба курсына қатыстық. Жұмыс барысында халық медицинасындағы итмұрын өсімдігін терең зерттеуді қолға алдық. Зерттеудің өзегі – осы өсімдік құрамындағы плантаноидтардың көп мөлшері суға қайнатылған сулы ерітіндіде ме, әлде спирттік ерітіндіде ме, соны салыстырмалы түрде анықтау болды. Осы жоба арқылы біз көптеген жаңа ғылыми білімді игердік. Сонымен қатар, зертханалық жұмыстарда аналитикалық химияның базалық дағдыларын жетілдірдік; бұған пробирканы дұрыс ұстау, пипеткамен дәл жұмыс жасау, «Минск» аспабымен және спектрофотометрмен жұмыс істеу сияқты тәжірибелік әрекеттер кірді. Осылайша, біз теория мен практиканы ұштастыра отырып, ғылыми зерттеудің барлық кезеңдерін нәтижелі жүзеге асырдық.

Педагогикалық мамандықты меңгергендіктен, «плантаноидтарды зерттеу» жобасының нәтижелерін оқушыларға қалай тиімді жеткізу керектігін мұқият қарастырдық. Өйткені, қазіргі мектептерде спектрофотометр сияқты күрделі аппараттардың жоқтығы бізге үлкен сын болды. Алайда, химия мен биология – көрсетілімді және тәжірибені талап ететін пәндер. Сондықтан, оқушыларды ғылымға қызықтыру үшін тек теориялық деректермен шектелмей, кәдімгі зертханалық жұмыстарды барынша көрнекі әрі тактильді түрде көрсету қажет деп есептейміз.

«Ғылым-жарық, надандылық - қараңғылық» еңдеше біз өз өмірімізді жарық қылға ұмтылайық.

Сая МАХАНБЕТ,
ХБ-23-1 оқу тобының студенті

ҚЫЗЫЛОРДА БАЛЫНЫҢ САПАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Ғылым – бұл тоқтаусыз дамып отыратын, адамзаттың білім көкжиегін кеңейтетін үлкен күш. Ал ғылыми жоба – сол білімді нақты тәжірибе арқылы дәлелдеуге мүмкіндік беретін маңызды құрал. Біздің де «Химиялық жобалау және деректерді өңдеу» курсы аясында жасаған ғылыми зерттеуіміз осының нақты бір дәлелі болды. Зерттеу тақырыбымыз – «Қызылорда өңірінің балдын сапасын судың мөлшері көрсеткіші бойынша рефрактометриялық әдіспен зерттеу». Бұл тақырыпты таңдаудағы басты мақсатымыз – жергілікті өңірде өндірілетін балдын сапасын ғылыми тұрғыда бағалау, яғни құрамындағы судың нақты мөлшерін анықтау. Баршамызға белгілі, бал құрамындағы судың мөлшері көбейіп кетсе, өнім тез ашып, дәмдік және биологиялық қасиеттерін жоғалтады. Сондықтан, судың пайыздық мөлшері бал сапасын бағалауда өте маңызды көрсеткіш бо-

лып табылады. Біз өз зерттеуімізде Қызылорда өңірінен алынған әртүрлі сорттағы бал үлгілерін алып, олардың ыңғалдылық деңгейін рефрактометриялық әдіс арқылы анықтадық. Алынған нәтижелерді ГОСТ талаптарымен салыстырып, балдың стандартқа сәйкестігін бағаладық. Зерттеу барысында көптеген жаңа білім мен тәжірибені меңгердік. Рефрактометр құрылғысымен жұмыс жасауды үйреніп, оның жұмыс істеу принципін толық түсіндік. Зерттеу нәтижесінде, Қызылорда өңірінің құрғақ әрі шөлейт климаты бал құрамындағы судың мөлшерінің төмен болуына әсер ететінін байқадық. Бұл біздің бастапқы гипотезамыздың дұрыс екенін дәлелдеді. Яғни өңірлік балдың сапасы жоғары және ұзақ уақыт сақтауға жарамды екені ғылыми тұрғыда расталды.

Нұрай МӘЛІК,
ХБ-23-3 оқу тобының студенті

ЖАС ҰСТАЗДЫҢ МИССИЯСЫ

Ұстаз тек білім беруші ғана емес, ол – жүрекпен тәрбиелейтін, өмірге бағдар беретін бағыттаушы. Оның әрбір сөзі мен әрбір әрекеті оқушының ой-өрісін, мінез-құлқын, болашаққа деген көзқарасын қалыптастырады. Шын ұстаз болу – тек оқу бағдарламасын жүргізу емес, адамдық болмыс қалыптастыру, өмірлік құндылықтарды жеткізу.

Солардың бірі – жас болса да, мыңдаған шәкіртті химия саласына баулып жүрген білікті маман, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің түлегі, химия ғылымдарының магистрі Наргиза Қуанышбаймен сұхбаттастық. Қазіргі таңда ол 125 High School мектебінде химия пәні мұғалімі болып қызмет атқарады.



- Наргиза Бақтыбайқызы, осы химия мамандығын таңдауға не түрткі болды?

- Мен бұл мамандықты кездейсоқ таңдаған жоқпын. Маған кішкентайымнан зерттеген, талдаған, ізденген ұнайтын. 7 сыныпқа келіп, химияны алғаш оқыған күннен-ақ оның логикасы, дәлдігі өмірмен тікелей байланысы мені ерекше қызықтырды. Әр реакцияның артында үлкен заңдылық жатқанын түсінген сайын ғылымға деген сүйіспеншілігім арта түсті. Ал профориентациямен айналысуыма балаларға жол көрсетуге деген ішкі миссиям себеп болды. Өз мамандығымды дұрыс тапқанымдай, әр шәкіртімнің де өз жолын дәл табуына қолдау көрсеткім келді. Бір жағынан барлығы “қиын” деп қарайтын химияны оңай етіп түсіндірудің әдістерін зерттеген ұнайтын.

- Ғылым мен білім саласына қандай жаңалық енгізіңіз келеді?

- Мен болашақта әр бала теорияны өмірмен байланыстыра алатын білім ала алатын оқу платформасын жасағым келеді. Қазіргі заман — кітаптағы біліммен шектелетін заман емес, әртүрлі кәсіпорындармен біріккен жобалар ұсынар едім.

- Қорқыт Ата университетінде оқудың артықшылығы қандай?

- Қорқыт Ата университеті – аймақтағы білім мен тәжірибені ұштастыра алатын алдыңғы қатарлы оқу орны. Университеттің басты артықшылығы - жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамы деп айтар едім. Ғылыми жетекшім Тапалова Анипа Сейдалиевна мен кураторым әрі ғылымға қызығушылығымды ашқан Абызбекова Гүлмира Мыңбаевна балаға жылулық бере отырып, химияны бойына сіңірді үйретті. Гүлжан Төлепбергекқызының арқасында практикамен тығыз байланысқан оқу үлгісін көре алдым. Көптеген тәжірибелер жасадық. Осы ортаның арқасында мен тек білім алмай, өзімді ұстаз әрі тұлға ретінде қалыптастырдым.

- Жастарға біліміңіз, ізденімпаздығыңызбен үлгі болатындығыңыз рас. Оларға қандай кеңес берер едіңіз?

- Ең бірінші айтарым, мұғалім болу жүректің ісі. Бұл мамандықты таңдасаңыз, балаларды жақсы көріп, әрқайсысының ерекшелігін түсіне алуыңыз қажет. Екіншіден, дұрыс орта табу немесе қалыптастыру өте маңызды. Адам бір өзі бөлек өмір сүре алмайды. Оның болмысы – ортасының айнасы. Егер адам жақсы ортада өссе, жақсы қасиетке ие болады; талапты, еңбекті, білімді бағалайтын ортада болса – өзі де сондай тұлғаға айналады. Сондықтан әркім өзінің ортасын дұрыс таңдап, мүмкін болса, өзі де жақсы орта қалыптастыруға ұмтылуы қажет. Бірнеше рет спикер болып барғанымда, болашақ ұстаздардың жаңашыл бағытта дәріс өткізетін, креативті дағдыларын байқадым.

- Үшіншіден, мүмкіндіктерге әрдайым ашық болыңыз. Қазіргі кезде бізге берілген мүмкіндіктер сансыз көп, бірақ қолданбай жатамыз... Ағылшын тілін меңгерген студенттің мүмкіндігі әрқашан кең, таңдауы да мол болатынын түсіну керек. Тілді игерген әрбір жас шетелдік конференцияларға қатысып, әлемнің түкпір-түкпірінде өтетін халықаралық семинарларға жол аша алады. Бұл — тек саяхаттау немесе сертификат жинау емес, көзқарасты кеңейтіп, өз саландағы әлемдік деңгейдегі мамандармен тәжірибе алмасуға мүмкіндік алу деген сөз.

- Студенттік шақ — адам дамуының ең жарқын, ең өнімді кезеңі. Сол себептен дәл осы уақытта тіл меңгеріп, жаңа дағдыларды игеріп, өзіңізді жан-жақты дамыту аса маңызды. Қазір сіздерге беріліп отырған мүмкіндіктер бұрынғы буынның қолы жете бермеген мүмкіндіктер екенін ұмытпаған жөн. Өздеріңізге ұнайтын бағытта білім алып, түрлі пайдалы курстарға қатысып, қабілеттеріңізді дамытудан ешқашан тартынбаңыздар. Себебі қазір салынған әрбір еңбек, әрбір дағды ертең сізге бірнеше еселеніп қайтады.

- Шәкірт дайындауда қандай әдістерді пайдаланасыз?

Мен шәкірт дайындаудағы ең басты қағидам – әр оқушыға жылулықпен қарап, оның оқуға құштарлығын ояту. Әдіс деп айту қиын шығар, бірақ кейде біз оқушының ішкі мүмкіндіктерін ескеруді ұмытып кетеміз. Сол себепті әр адамның мотивациясын анықтап, жеке даму жоспарын құру маңызды. Мен әрбір шәкіртті жеңілден күрделіге қарай бағыттап, ҰБТ спецификаларын пайдаланып, оқу процесін қызықты әрі нәтижелі етемін. Себебі әр оқушының ішіндегі күш пен қабілетті ашып, өз мақсаттарына жетуіне қолдау көрсету – ең үлкен марапат. Есіңізде болсын: әр қадам – сіздің жетістігіңіздің негізі. Сеніммен, ынта-жігермен, өзіңе сеніп еңбек етсеңіз, ешбір қиындық сізді тоқтата алмайды.

- Қызметіңізден бөлек, бос уақытыңызда немен айналысасыз?

- Бос уақытымды өзімді дамытуға, кітап әлеміне терең енуге, Қазақстан мен шет елдерді аралап, жаңа әдістемелерді зерттеуге арнаймын. Профориентация саласындағы соңғы трендтерді бақылап, оқушыларға пайдалы идеяларды жинау мен үшін тек қызық ғана емес, шабыт көзі. Бұл мені кәсіби тұрғыдан жаңа белестерге жетелейді, әрбір жаңа ой мен тәжірибе – менің білімді, дағдыларымды және шығармашылық мүмкіндіктерімді байытатын терең мұхит сияқты. Әр қадам – жаңа мүмкіндікке апаратын жол, және сол жолдан керемет шабыт табамын.

- Уақытыңызды бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін рақмет!

Сұхбаттасқан
Дамира АМАНЖОЛОВА

Қызықты ғылыми жоба

Ғылымға жақындаған сайын адамның дүниетанымы кеңейіп, айналасындағы қарапайым құбылыстардың өзі жаңа мағынаға ие болатынын өз тәжірибемнен байқай бастадым. Әуелде ғылыми жобалар тек университеттің міндетті тапсырмасы секілді көрінетін. Бірақ зерттеудің қалай құрылатынын, әр қадамының мәнін түсіне бастаған сәттен бастап бұл салаға деген қызығушылығым күшейіп, менің өзімді де жаңа бағытқа бұрды. Қандай да бір тақырыпты зерттеу – тек нәтижеге жету емес, өзінді тану, ойынды нақтылау, ғылыми әдіс арқылы әлемге басқа көзбен қарау екенін түсіндім. Ғылыми жұмыста ең бірінші маңызды нәрсе – дұрыс сұрақ қоя білу. Бұрын мен зерттеуді күрделендіре беру керек деп ойлайтынмын, ал қазір мәселенің түпкі мәнін табу әлдеқайда маңызды екенін түсіндім. Дәл қойылған проблемалық сұрақ зерттеудің бағытын айқындайды, қандай материал керек, қандай әдіс тиімді, тіпті қандай нәтижеге қол жеткізуге болатынын алдын ала көрсетіп береді. Осыны ұғынғаннан кейін ғылыми жобаның мәні маған тіпті қызық көріне бастады. Зертханалық жұмыстарға келгенде де өзіме жаңа әлем аштым. Қарапайым тәжірибелердің өзінде ғылыми дәлдік талап етіледі: құралды дұрыс ұстау, ерітіндіні дұрыс өлшеу, стандартпен салыстыру, нәтижені тіркеу – бәрі зерттеушінің жауапкершілігін қалыптастырады. Осындай ұқыптылыққа үйренген сайын менің ғылымға деген көзқарасым да өзгерді. Ғылым – бірден керемет жаңалық ашатын сала емес, ол жинақылықтан, дәлдіктен, жүйелі әрекеттен тұрады. Мен үшін ең қызықтысы – зерттеуді педагогикалық тұрғыдан қарастыру. Болашақ мұғалім ретінде мені «оқушыны ғылымға қалай қызықтырамын?» деген сұрақ жиі толғандырады. Мектептердің бәрінде күрделі аппараттар бола бермейді, бірақ бұл ғылымды қолжетімсіз етеді деген сөз емес. Оқушыға тәжірибенің қарапайым түрін көрсетудің өзі үлкен әсер қалдырады. Түс өзгерісі, газ бөлінуі, тұнба түзілуі – бұлардың бәрі балаға ғылымның тірі, қозғалыста екенін дәлелдейді. Сол сәтте мен өзім де ғылымға алғаш қызыққан кезімді еске аламын. Демек, бастысы – құрал емес, оқыту тәсілі. Ғылымға барған сайын, оның ешқашан шегі жоқ екенін түсінемін. Кейде адамдар бәрін күрделендіріп, мүмкіндікті алыстан іздейді. Ал шын мәнінде қарапайым тәжірибенің өзінен үлкен идея туады. Сол ой мені алға жетелейді: ғылымға үлес қосу үшін міндетті түрде үлкен зертхана керек емес, бастысы – ізденіс пен қызығушылық. Өмірде ең жарық жол – білімге бағытталған жол. Мен осы бағытта дамығым келеді, әрі алған білімді ертеңгі оқушыларға жеткізуді мақсат етемін.

Ақерке ДӘРІБАЙ,
ХБ-23-1 оқу тобының студенті

Нөмір нақылы:

Өнер - ағып жатқан бұлақ,
Ғылым - жанып тұрған шырақ

Ақерке Дәніш: “Академиялық ұтқырлық – өз мүмкіндігіңді сынаудың тамаша жолы”

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Ақерке Дәніш академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Әзірбайжан Спорт академиясында білім алуда. Алғашында шетелге шығу ойында болмағанымен, кураторының жылы сөздері мен ата-анасының ақылын тындап, бағыл қадам жасауға шешім қабылдаған. «Бір күні топтық чатқа академиялық ұтқырлық туралы хабарлама келді. Кураторым “сенің қабілетің жетеді, бағынды сынап көр” деп қолдау көрсетті. Сол сәт мен үшін шешуші болды».

Бағдарламаға іріктелу процесі бастапқыда күрделі көрінгенімен, оқу ордасы тарапынан көрсетілген қолдау арқасында бәрі ретімен өткен. «Құжаттарды жинау кезінде университет тарапынан кеңестер, бағыт-бағдар берілді. Бұл тәжірибе маған ұйымдасуды, уақытты тиімді пайдалануды үйретті», – дейді Ақерке.

Әзірбайжанға алғаш барған сәтте жаңа орта біршама тосын көрінгенімен, жергілікті адамдардың жылы қабағы бейімделуді жеңілдеткен. «Адамдар өте ашық, көмектесуге дайын. Бір жолы мүлде таныс емес адам мені

жол көрсетіп қана қоймай, өзі ертіп апарып тастады. Сол сәт менің есімде ерекше естелік болып қалды».

Оқу процесі де ерекше. Кей сабақтар табиғат аясында өтіп, кей пәндерде студенттермен еркін жұмыс жасауға мүмкіндік беріледі. Сабақтар дәстүрлі форматта жүргізіліп, кейбірі әзірбайжан, кейбірі орыс тілінде өтеді. Материалдық база жоғары деңгейде, ал сабақтан тыс уақытта студенттер түрлі мәдени іс-шараларға, жарыстарға қатысып, серуендеуді ұнатады. Ақерке жаңа достар тауып, ел мәдениеті мен дәстүрін жақынырақ танысу мүмкіндігіне ие болды.

Тіл мен ортаға бейімделу алғашқыда сәл қиын болса да, күнделікті араласу арқылы студент тез үйренді. «Жаңа елді көріп, өзімді жаңа қырынан таныдым. Бұл тәжірибе маған өз-өзіме деген сенімділік сыйлады». Жергілікті тағамдардың ішінде ол әсіресе долма мен кебабқа ерекше сүйіспеншілік білдірген.

Ақерке білімін жалғастыруға да шетелде мүмкіндік алуды жоспарлап отыр. Ол сту-



денттерге: «Қорықпаңыздар, өз күштеріңізге сеніңіздер! Академиялық ұтқырлық – өзіңізді сынап, жаңа мүмкіндіктер ашудың ең жақсы жолы», – деп кеңес береді.

Бұл тәжірибе тек білім емес, сонымен бірге достық, мәдениет және өз-өзінді сынау жолындағы бірегей саяхат екенін дәлелдейді. Әр студент үшін жаңа елде оқу – тек кітаптағы білім емес, өмірлік сабақтар мен есте қаларлық сәттерге толы ерекше кезең.

Әңгімелескен
Анел ҚАНЫБЕК,
ҚЯЛ-22-3 тобының студенті

Шетелде оқу – қорқыныш емес, мүмкіндік

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 2-курс студенті Абылайхан Жаңдосұлы академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында қазір Бельгияда білім алып жатыр. Алғаш келгенде бәрі жаңа әрі ерекше көрінген: әуежайдан бастап айнала таза, тыныш, адамдар сабырлы. Бір сәтте басқа әлемге тап болғандай әсер алған.

Шетелде оқу мүмкіндігі туралы университет қабырғасындағы ақпараттан біліп, оқытушылар мен халықаралық бөлім қызметкерлерінің кеңестері арқылы бағдар алған. 1-курс соңында институт деканы оның академиялық ұтқырлыққа лайық екенін айтып, құжат жинау процесін бастаған. Құжат рәсімдеу оңай болмаған: бәрін ағылшын және нидерланд тілінде толтыру қажет, кейде қателіктер мен қосымша шығындар кездескен. Бірақ Брюссельге қонған сәтте барлық қиындықтар ұмытылған.

Бельгиядағы университет шетелдік студенттерге барынша қолдау көрсетеді. Адаптация аптасы ұйымдастырылып, менторлар мен кеңесшілер әрдайым көмектеседі. Сабақтар ағылшын тілінде өтеді, студенттер арасындағы атмосфера жылы, әртүрлі елден келген студенттер арасында ерекше достық қалыптасқан. Абылайхан үшін ең қызықты пәндер – Basic Programming және Computer Network. Бұл сабақтарда нақты жобалармен жұмыс істеп, профессорлар әр студенттің идеясын қолдап, қателіктерін түсіндіруге әрдайым дайын.

Бельгиядағы оқу тәжірибесі оның өмірлік көзқарасына әсер еткен. Бұрын мақсаты тек оқу мен стипендия алу болса, қазір өз жобасын жасап, қоғамға пайда әкелуді армандайды. Мұнда студенттерге жасалған жағдай керемет, сондықтан өз жұмысына толық көңіл бөлуге мүмкіндік бар.



Бос уақытында қаланы аралап, мәдени шараларға қатысып, спортпен айналысады. Қала шағын, әсем, таза ауада жүгіруге тамаша мүмкіндік бар. Бельгиялық сту-

денттер қазақстандықтарды еңбекқор әрі ашық деп қабылдайды. Көпшілігі Қазақстан туралы аз біледі, бірақ қызығушылық танытады, адамды жеке танысқаннан кейін ғана бағалайды.

Бельгияда өмір сүру бағасы жоғары болғанымен, студенттерге арналған жеңілдіктер жеткілікті: көлік, жатақхана және азық-түлік қолжетімді, арзан супер-маркеттер көп.

Бұл сапар Абылайханға өзіне сенімді, ашық әрі жауапты болуға мүмкіндік берген. Шетелде оқу – үлкен мектеп екенін тәжірибесі көрсетті. Жастарға ол қысқаша кеңес береді: «Қорықпа! Құжат жинаудан баста, тіл үйрен, мақсатыңа сен. Қорқыныш емес, мүмкіндікті жіберіп алу – ең жаман нәрсе».

Шетелде білім алу – бұл тек жаңа білім мен дағдыларды меңгеру ғана емес, адамның дүниетанымын кеңейтетін, өмірге деген көзқарасын түбегейлі өзгертетін тәжірибе. Бұл жолда кездесетін қиындықтар мен сынақтар жастарды тек кәсіби тұрғыдан ғана емес, тұлғалық жағынан да өсіреді. Осылайша, шетелде білім алу – адамның шекарасын кеңейтіп, болашақта үлкен мақсаттарға жету үшін үлкен мүмкіндік береді. Сондықтан, әр студенттің осы тәжірибеден өтуі, өз мүмкіндіктерін кеңінен зерттеп, жаңа тәжірибе жинақтауы өте маңызды.

Әңгімелескен
Анел ҚАНЫБЕК,
ҚЯЛ-22-3 тобының студенті

Құрылтайшы: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті тексеріліп, №KZ29VPU00077786 куәлігі берілген.

Бас редактор:
Қ.Ә.Омаров

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Д.М.АБЫЛАЙХАНОВА -
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма Торағасы-Ректорының м.а.
М.Ә.БОРІБАЕВА -
Басқарма мүшесі-Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
К.Ғ.БЕКЕНОВ -
«Медиа орталық» жетекшісі

Жауапты редактор:

Дамира
Аманжолова

Техникалық редактор:
Асқар
Махашов

SYR TULEGI
student jastar gazetі

Жарияланған мақаладағы автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды. «Сыр түлегіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуға міндетті.